

**Бекбулатова Индира Усеинқызының 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

### **ШКІРІ**

Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруды зерттеуге арналған Бекбулатова Индира Усеинқызының диссертациялық жұмысы педагогика және психология саласында әлі күнге шешімін таппаған тың мәселені зерттеуге арналған.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер сенімді әрі ізденуші тарапынан алғаш рет алынған. Диссертанттың зерттеу барысында алған ғылыми қағидалары, қорытындылары жаңалық сипатқа ие, педагогика ғылымы және жоғары білім беруде болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруда теориялық және практикалық мәні зор. Бұл өз кезегінде әрбір тарауда берілген ғылыми негізделген тұжырымдармен, қорытындылармен және диссертанттың диссертацияда берген әдістемелік ұсынымдарымен көрініс тапқан.

Зерттеу жұмысын талдауда айтарлықтай көлемді теориялық мағлұматтар жинақталып, практикалық тәжірибе жасақталғандығын көрсетті. Диссертация құрылымы зерттеу логикасы мен кешенді сипатқа ие, кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес Бекбулатова Индира Усеинқызы болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың тиімді әдістемесін ұсынған.

И.У.Бекбулатованың бұл зерттеу жұмысында коммуникативтік әлеуеттің философия, психология және педагогика ғылымдарындағы мәні мен құрылымы, болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған.

Докторант И.У.Бекбулатова болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың моделін жасаған, әрі модельде компоненттер, критерийлер мен көрсеткіштер, оқыту ұстанымдары мен әдістемесі оңтайлы үйлесім тапқан.

Зерттеу нәтижесінде И.У.Бекбулатованың алған қағидалары жаңашылдыққа ие және педагогика ғылымы мен ағылшын тіліндегі пәндерді оқытудағы коммуникативтік тәсіл үшін ерекше маңыздылыққа ие. Зерттеу барысында автордың алған ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелері болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың ықпалдылығы мен зерттеу мақсатына жетуде жүйелі нәтижелерге қол жеткізуге әкеледі.

И.У.Бекбулатованың диссертациялық зерттеу жұмысы практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді. Тәжірибелік эксперименттің әрбір кезеңінде алынған нәтижелер тыңғылықты талданған. Нәтижесінде болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың педагогикалық ықпалы болатындығы көрсетілген.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында докторант И.У.Бекбулатова өзінің жоғары біліктілігі мен терең білімділігін көрсетті. Зерттеу жоспарына сәйкес қойылған тапсырмаларды орындауда өзіндік жауапкершілігі мол маман екендігін байқатты. Сонымен қатар, зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми жұмыстарға шолулар мен тұжырымдаулар жасауда дәйекті пікірлер ұсына алатын, ойлау қабілетінің жоғары, білімді, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын ізденуші. Индира Усеинқызы Бекбулатова ұжымда өзіндік беделге ие, ізденімпаз, өзгелермен тіл табысу қабілетінің жоғары қасиеттерімен ерекшеленді. Индира Усеинқызы зерттеу жұмысын орындау барысында өзінің шығармашылық ізденімпаздығын, еңбекқорлығын, біліктілігін танытты.

Диссертацияның қағидалары, тәжірибелік нәтижелері мен тұжырымдары 2013-2016 жылдар аралығында отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрген. Зерттеу нәтижелері бойынша 20 еңбек жарияланған.

6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған И.У.Бекбулатованың «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен қанағаттандырады. Бекбулатова Индира Усеинқызының «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 6D010000 – Білім беру (педагогикалық ғылымдар) диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

Ғылыми Кеңесші, Қ.А.Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор.

